

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАНКТІК БИЗНЕСТІ ДАМУ МӘНІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шомшекова Б.К., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.,
Жумағалиев Д., магистрант

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: bshomshekova@mail.ru

Отандық екінші деңгейдегі банктердің бизнесін сипаттайтын қызметтері мен операциялары бойынша негізгі көрсеткіштерге салыстырмалы талдау арқылы өндіріс секторы мен коммерциялық банктер арасындағы байланысын қарастыру, Қазақстан Республикасының банк жүйесінің қуаты мен мүмкіндіктерін зерттеу арқылы коммерциялық банктердің бизнесін жетілдіру бағыттары бойынша ұсыныстарды белгілеу.

Тірек сөздер: *екінші деңгейдегі банктер, банк жүйесі, банктік бизнес, банк активтері, меншікті капитал, клиенттердің салымдары, банктің қаржылық тұрақтылығы, банктердің қашықтан қызмет көрсетуі.*

Рассмотрены взаимосвязи между коммерческими банками и производственным сектором, проведена сравнительный анализ ключевых показателей деятельности отечественных банков. Изучены способности и потенциал банков второго уровня, предложены пути совершенствования банковского бизнеса в Республике Казахстан.

Ключевые слова: *банки второго уровня, банковская система, банковский бизнес, банковские активы, собственный капитал банка, финансовая устойчивость банка, дистанционные услуги банка*

The relationship between the manufacturing sector and commercial banks is considered through a comparative analysis of key performance indicators and operations that characterize the business of domestic second-tier banks; ways of improving commercial banks by studying the potential and capabilities of the banking system are proposed. Kazakhstan.

Key words: *Second level banks, banking system, banking business, banking assets, bank equity, bank financial stability, bank distribution services*

Жаһанды жайлаған пандемия әлем елдерінің әлеуметтік –экономикалық дамуына кері әсерін тигізіп отырғаны белгілі. COVID-19 салдарынан экономиканың көптеген салалары, оның ішінде жеке елдердің банк жүйесінде құрылымдық өзгерістер енгізуге мәжбүр болуда.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің ресми деректері бойынша 2021 жыл басында Қазақстанның экономикалық дамуы 2,6% дейін қысқарған. Елдегі жиынтық ішкі өнім (ЖІӨ) серпініне тек құрылыс, ақпарат және байланыс, ауыл шаруашылығы оң үлес қосса, көлік, сауда және өнеркәсіп саласы теріс мәнге ие болып, іскерлік белсенділік индексі 2020 жыл басымен салыстырғанда 0,4 тармақшаға төмендеп, 49.0-ды құраған[1].

2021 жыл басындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында 26 екінші деңгейдегі банк (ЕДБ) болса, осы жылдың маусым айында AsiaCredit Bank, Capital Bank Kazakhstan және Қазақстандағы "Пәкістан Ұлттық Банкі" қысқарып, елімізде 23 екінші деңгейлі банктер өз қызметтерін жалғастыруда. Аталған банктердің 14-і шетелдік үлесі бар банктер, яғни отандық банктердің жалпы санының 60,9% құрап отыр [2].

Осындай ресми мәліметтерген сүйене отырып, отандық банк жүйесіндегі ЕДБ бизнесіне, оның ішінде қызметтері мен операцияларына кешенді талдау жүргізу, өндіріс

секторы мен банк саясаты арасындағы байланысын қарастырумен бірге Қазақстан Республикасының банк секторының жаһандық пандемия жағдайындағы мүмкіндіктері мен қаржылық қуатын зерттеу арқылы даму бағыттарын белгілеу маңызды болып табылады.

Статистикалық мәліметтерден 2019 жылғы банк секторының экономикаға ықпалы 2018 жылмен салыстырғанда азайған. Мысалы, несиенің ЖІӨ-ге қатынасы бір жыл ішінде 22,3-тен 21,4% пайызға дейін, ал депозиттердің ЖІӨ-ге қатынасы 27,6-дан 26,1% пайызға дейін төмендеген. Осыдан несиелер мен депозиттердің номиналды өсуі экономиканың номиналды өсуінен артта қалған болатын.

Локдаун кезінде несиелер бойынша едәуір кедергілер болғанына қарамастан, несие қоржынына әсер еткен жоқ. Оны 2021 жылдың екінші тоқсаны бойынша банк секторындағы өсімнің артуынан көруге болады. Сонымен бірге, қатаң шектеулер мен COVID-19 пандемиясының әлі де аяқталмағанын ескере отырып, банк секторының даму траекториясы, біздің елде ғана емес, әлем елдеріндегі жалпы экономикалық жағдайдың өзгеруіне байланысты ауытқымалы болуы мүмкін. Осындай жағдайдағы банктік бизнестің даму бағыттарын анықтау үшін банктердің соңғы жылдардағы негізгі көрсеткіштерін, оның ішінде банк активтері, клиенттің салымдары мен меншікті капитал және т.б. бойынша отандық коммерциялық банктердің қаржылық ахуалына төмендегідей сипаттама беруге болады.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) шамамен 14,9 трлн теңге немесе активтердің 46% құрайтын өтімділіктің қоры бар. Оның 13,9 трлн теңгесі жоғары өтімді активтер болып саналады. Бір жылда еліміздегі ЕДБ-ның жоғары өтімді активтері 38,3%-ға артқан. Өтімділіктің мұндай көлемі банктерге операциялық қызметін үздіксіз жүргізуге мүмкіндік береді.

Мысалы, 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы банктік сектордың жиынтық активтері 11,7% немесе 3 654,7 млрд теңгеге артып, 34 826,4 млрд теңгеге көбейген. Отандық банк жүйесіндегі "Қазақстан Халық банкі" АҚ, "Сбербанк" АҚ ЕБ, "Kaspi Bank" АҚ, "ForteBank" АҚ және "Отбасы банк" АҚ ұлттық коммерциялық банк активтерінің жалпы көлемінің 64% тиесілі.

Көрсетілген уақытта банктердегі клиенттердің салымдары 11,6 трлн теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 17,5% артқан (сурет 1). Жалпы соңғы 5 жылда жеке тұлғалардың банктердегі салымдарының сомасы жылына орта есеппен 11%-ға өсіп отырған.



Ескерту - ҚР ҰБ және ҚР ҰЭМ деректері бойынша құрастырылған.

Сонымен бірге ЕДБ меншікті капиталының 4,9 трлн теңге құрауы - банктің қаржылық тұрақтылығын және қаржы институты ретіндегі банк секторы сенімділігінің негізгі факторы болып табылады.



Ескерту-ҚР ҰБ және ҚР ҰЭМ деректері бойынша құрастырылған.

Одан басқа 2021 жылғы маусым айының соңында банктердің экономиканы несиелеу көлемі бір айда 0,5%-ға ұлғайып, 15 721,5 млрд теңгені құраса, ал заңды тұлғаларға берілген кредиттер көлемі 7 169,1 млрд теңгеге дейін 3,5% төмендеген, жеке тұлғаларға кредиттер көлемі 8 552,4 млрд теңгеге дейін 4,2% артқан (сурет 2).

Отандық банктік сектордың жағдайын сипаттайтын осы көрсеткіштер, карантиндік шектеулердің экономикалық белсенділікті төмендеткеніне қарамастан, еліміз инвестициялық тартымдылығын сақтауына ықпалын тигізген. Оны S&P Global Ratings және Fitch сынды ірі халықаралық рейтингтік агенттіктері Қазақстанның рейтингісін «BBB-» және «BBB» деңгейде «тұрақты» деп берген бағасы айғақтайды.

Жалпы Қазақстандық банктердің дер кезінде жүргізген іс-шараларның нәтижесінде карантиндік шектеулерінен туындаған өзгерістерге қысқамерзімде бейімделе алды. Мысалы, әлемдегі дағдарыс кезінде отандық 3 банк: Отбасы банк, Halyk Bank және ForteBank кредит рейтингісін жақсартқан. Сондықтан Moody's және Fitch сияқты беделді рейтинг агенттіктері Қазақстандағы банк секторының қазіргі жағдайын оң бағалап, «тұрақты» деп көрсетіп отыр.

Пандемия кезінде еліміздегі коммерциялық банктердің бөлімшелері ұсынатын қызметтер халық пен бизнестің банк өнімдерін пайдалану жылдамдығы мен қолжетімділігін арттыру үшін интернет-банкинг пен мобильді қосымша арқылы онлайн-форматқа көшу үрдісі арта түсті. Қазақстандағы бірқатар банктер клиенттерге қашықтан қызмет көрсету, үйде отырып менеджерге кезекті брондау, онлайн-кредит, онлайн тауар сатып алу мен қызметтерді төлеу жүйесін енгізе бастады.

Пандемия аз уақыт ішінде қазақстандық банктердің цифрлық әлеуетін бір жағынан сынаққа алса, екінші тараптан бір арнаға жұмылдырып, тұтынушыға жаңа мүмкіндіктер берді. Сонымен бірге, тұтынушылар үшін артықшылықтары көп болғанымен, цифрландыру жаңа тәуекелдер де алып келетіні сөзсіз. Тұтынушылардың жеке деректеріне рұқсатсыз қол жеткізу, ақпараттың жоғалуы немесе байланыс жүйелері мен арналарының техникалық ақаулары, кибершабуылдар жағдайында транзакция жүргізу қиынға соғады. Сондықтан киберқауіпсіздік, азаматтардың жеке мәліметтерін қатаң сақтау, мобильді интернеттің қолжетімділігін нығайту мәселелері туындайды.

Сонымен бірге елімізде қабылданған "Қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында" алдағы уақыттағы қаржы нарығын дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындалған және Ұлттық Банк 2025 жылға қарай экономиканы несиелеу бағдарламаларынан толық шығуды жоспарлануы да коммерциялық банктердің бизнесінің даму деңгейіне өзіндік өзгерістер мен нақыш әкелетінін жоққа шығаруға болмайды[3].

Осы және басқа да жағдайларды ескере отырып, ҚР банк саласындағы несиелік жүйесінің өзіндік оңтайлы формаларын, капитал нарығының тиімді механизмін, коммерциялық құрылымға лайық қызмет әдістерін іздестіруге баса назар аударылуда.

Жалпы қазіргі жаһандану жағдайындағы банктерді жеке бір аймақтың немесе бір елдің атрибуты ғана емес, олардың қызметі географиялық, ұлттық шекарадан тыс бағыттарын да қарастырудың маңызы бар. Себебі еліміздегі банктерде қомақты қаржылық қуаты бар ауқымды құрылым және банктік сектор нарықтың тиімді компоненті, оның тұрақтылығы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына тікелей әсері бар екендігін ескерсек, коммерциялық банктердің операциялары мен қызметтерінің саны мен сапасын және оның бағыттарын белгілеу, бәсекелестік қабілеттерін арттыра отырып, өзінің нарықтағы орнын тұрақтандыру жеке банктер үшін бизнесті сақтаудың басты шарты.

Осыдан жеке банктердің және жалпы банк секторының тұрақты, икемді және тиімді жүйесін құру - Қазақстандағы экономикалық реформаның маңызды міндеттерінің бірі ретінде алдағы бірнеше жылдарда шешімін іздестіретін мәселелер қатарында болуы ықтималдығы жоғары.

Осы жағдайларды ескере отырып, коммерциялық банктер өз қызметтері мен операцияларын жетілдіре отырып, бәсекелестік қабілеттіліктерін арттыру мақсатында келесі маркетингтік зерттеулерді пайдалану орынды болады деген ойдамыз:

1. Қызмет ету саласы бойынша шағын кәсіпкерлерді сегменттерге бөлу арқылы нарықтағы өзгермелі жағдайларға сай бейімделу, олардың даму болашағын белгілеу үшін банктің жеке резервтерін анықтап, маркетингтік зерттеулерді жүргізу.

Осылайша, таңдап алынған бизнес саласы бойынша, оның бағыттарын жетілдіре отырып, банктің басқа да ресурстарын нарықтық сұранысына сай бағыттау керек. Ол үшін клиенттерді несиелендірудің мақсаттылығы туралы шешімдерді нақтылау орынды болмақ.

2. Экономиканың түрлі сегменттеріне дифференциалданған пайыздық мөлшерлемелер тағайындау. Бүгінгі күні коммерциялық банктер шағын кәсіпкерлерге беретін қарыздардың пайыздық қойылымының ішіне ақша құралдарының қайтарылмау тәуекелі кіреді. Біздің ойымызша, жоғары рентабельді бизнес төмен рентабельді бизнестің тәуекелінің ақысын төлемеу керек. Жалпы бір бизнес сегменттерінде тәуекел деңгейі нольге жақын болса, басқа сегменттерде тәуекел деңгейі орта шамадан да жоғары болу мүмкін. Сондықтан рентабельділігі төмен сегмент үшін шағын кәсіпкерлердің қаржылық жағдайына терең мониторинг жүргізіп, мүмкін шығындардың орнын өтеу үшін жоғары пайыздық қойылымдарды тағайындау және оның шектерін зерделеу керек.

3. Анықталған және белгіленген сегменттердегі (сауда, құрылыс, көлік, білім беру, денсаулық сақтау, байланыс, ауыл шаруашылығы, өндіріс, қызмет көрсету саласы т.б.) шағын кәсіпкерлерді несиелеуге тарту. Арнайы бағдарламалар көмегімен көп клиенттерды тартуда келесі шараларды қолдануға болады, олар:

- Анықталған бизнес бағыты бойынша мамандырылған баспаларда несие туралы жарнама беру;

- Нақты бизнес ерекшелігін ескеретін несиелеу схемасын жетілдіру;

- Рентабельді бизнес клиенттері үшін пайыздық мөлшерлемені барынша азайту.

Аталған бағыттардың жүзеге асуы отандық екінші деңгейлі банктердің қызметтері мен операцияларын жетілдіре отырып, оның қаржылық тұрақтылығы мен бизнесін дамытуға және еліміздің экономикалық қуатын нығайтуға өзіндік өріс береді деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы ҰЭМ мәліметтері
2. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі . ҚР қаржы секторына шолу 2021 жылғы маусым
3. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы